**«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Медетов Алимардин Шахмардиновичтің - «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

## РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | «6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Медетов Алимардин Шахмардиновичтің - «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы орындаған диссертациясы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2024 жылғы екінші қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы негізгі ұстанымдарға негізделеді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы №66 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.<br>«8D042 - Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04203 - Құқықтану; 6D030200, 8D04201 - Халықаралық құқық» мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалары бойынша докоранттарды дайындау бойынша ізденуші Медетов Алимардин Шахмардиновичтің ұсынып отырған диссертациялық жұмысы талаптарға сәйкес келеді. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | Зерттеу жұмысында трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелеріне кешенді түрде талдау жасалынған. Зерттеу жұмысы заң ғылымының теориялық, экологиялық және халықаралық құқықтық негізін кеңейтуге, дамуына **елеулі үлес қосады**. Зерттеу жұмысының маңыздылығы **ашылған**. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары**;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Диссертациялық жұмыс **жоғары** деңгейде жазылған. Құқықтық терминдер мен анықтамалар қолданысы жүйелі. Зерттеу мазмұны түсінікті және сауатты әрі нақты жазылған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген**;<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелердің өзектілігі **негізделген**. XXI ғасырда су ресурстарын сақтау және пайдалану мәселесі әлемдік қоғамдастықтың алдында өткір мәселелер қатарында тұр.Трансшекаралық су ресурстары және оны пайдаланумен байланысты туындап отырған проблемалар бүгінгі күні көптеген тәуелсіз мемлекеттердің, оның ішінде Қазақстан Республикасының жаһандық және сонымен бірге өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Алайда заңнамалық және институционалдық тиімсіздік су ресурстарын тиімсіз пайдалануға алып келді және Қазақстандағы су қауіпсіздігінің ұзақ мерзімді тұрақтылығына қауіп төндіреді. Автор диссертациялық жұмыста осы сұрақтарға жауаптар ұсынуы зерттеу жұмысының құндылығы мен диссертация жұмысының өзектілігін негіздей түседі. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) **айқындайды**;<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық **айқындайды**. Зерттеу тақырыбының мазмұны мен оның жоспары өзара үйлесімділігімен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, тоғыз бөлімді қамтитын үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) **сәйкес келеді**;<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді**. Трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдаланудың құқықтық негізін зерделеп, оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындап, трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері саласында ұсыныстар әзірлеу диссертациялық жұмыстың мақсаты ретінде көрсетіліп, осы мақсатқа жету үшін тиісті міндеттер ұсынылған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: | Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері **толық** логикалық **байланысқан**. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері қисынды түрде өзара байланысқан. Диссертацияның әр бөлімі мұқият ойластырылған және тақырыпты жалпы түсінуге ықпал етеді. Зерттеу жұмысының құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндетеріне сәйкес келеді. Кіріспеден, тоғыз бөлімді қамтитын үш тараудан тұрады: 1)Заманауи құқықтық жүйедегі трансшекаралық су құқығының құқықтық табиғаты; 2) Трансшекаралық су ресурстарын аралас су пайдалану жүйесінің ұлттық және халықаралық аспектілері; 3) Аумақтары трансшекаралық су ресурстарымен ұштасатын көршілес елдердің қазіргі заманғы мәселелері бойынша зерттеу жүргізген. Қорытындыда негізгі тұжырымдамалардың талдауы мен ұсыныстары берілген, зерттеу жұмысында 160 қайнар көздер пайдаланылған. |
| | | 1) **толық байланысқан**; | |
| | | 2) ішінара байланысқан; | |
| | | 3) байланыс жоқ. | |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: | Диссертациялық зерттеу жұмысында су ресурстарын тиімді пайдаланудың ұғымы мен құқықтық түсінігіне салыстырмалы талдау жасалынған. Бірқатар ғылыми еңбектердегі су ресурстарын тиімді пайдалануға қатысты көрсетілген ұстанымдарға сыни талдау ұсынылған. Су ресурстарын тиімді пайдалану туралы ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып **сыни тұрғыдан талдау жасалып бағаланған**. |
| | | 1) **сыни талдау бар**; | |
| | | 2) талдау ішінара жүргізілген; | |
| | | 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; | |
| | | 4) талдау жоқ. | |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? | Ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа** болып табылады. Қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы бірінші кезекте қазіргі доктринада жалпы базалық құқықтық ұғымдардың және трансшекаралық табиғи ресурстар мен сулардың орнын оң құқықта айқындаудың жоқтығымен байланыстырған. Отандық әдебиеттерде бұл мәселеге қатысты зерттеулер жоқтың қасы. Көрсетілген құқық-нормалар спектрін реттейтін қолда бар құқықтық көздер жетілдіруді қажет етеді және кейбір мәселелерде фрагменттік |
| | | 1) **толығымен жаңа**; | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | даулы сәттерді реттейтін нақты құқықтық баптардың жоқтығы байқалады. Трансшекаралық табиғи ресурстардың халықаралық-құқықтық мәртебесін, сондай-ақ олардың режимінің ерекшеліктерін зерттеу және қорыту мақсатында трансшекаралық сулар мен ресурстарды жіктеу қажеттілігі көрсетілген. Алғаш рет трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелеріне қатысты мүдделі мемлекет ұғымы қаралған. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? | Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Диссертацияның қорытындылары негізгі алға қойған мақсат пен міндеттердің нәтижелеріне сәйкес келеді. |
| | | 1) **толығымен жаңа**; | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері **жаңа** және **толығымен негізделген**. |
| | | 1) **толығымен жаңа**; | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Диссертациялық зерттеу жұмысында көрініс тапқан **барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.** Қорытындылардың негізділігі зерттеу жұмысының мақсаты, міндеті мен нәтижесіне сай жүйелі орындалған. Трансшекаралық су ресурстарын пайдалану саласын реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаға терең талдау жүргізіліп, кемшіліктер анықталып, оларды жоюдың тиімді жолдары ұсынылған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: | **1 - тұжырым.** Орталық Азия елдерінің және Қазақстан Республикасының ұлттық және аймақтық актілерінде, ТМД мемлекеттерінің модельдік Су кодексінде бекітілген трансшекаралық сулар (су объектілер) туралы терминдерді қолдануды ұсынған, ол трансшекаралық сулар (су объектілері) |
| | | 7.1 Ереже дәлелденді ме? | |
| | | 1) дәлелденді; | |
| | | 2) шамамен дәлелденді; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | ұғымының мазмұнын нақтылап, біріздендіре отырып, біркелкі түсінуге негіз жасайды, өз кезегінеде Орталық Азия мемлекеттері мен басқа да халықаралық құқық субъектілерінің трансшекаралық су ағындарын тиімді пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастығына жәрдемдеседі.<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді.**<br>7.2 Тривиалды ма?<br>**2) жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**1) жаңа.**<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>**3) кең**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия.**<br><br>**2 - тұжырым.** Су ресурстарының жіктелуін, яғни оларды төрт түрге жіктей отырып қарауды ұсынған. Олар атап айтқанда: 1) ауызсумен және тұрмыстық сумен жабдықтауға арналған су ресурстары; 2) балық өсіру және ауылшаруашылығы қажеттіліктеріне арналған су ресурстары; 3) өнеркәсіптік қызметте қолдануға арналған су ресурстары; 4) стратегиялық Қордың су ресурстары.<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді.**<br>7.2 Тривиалды ма?<br>**2) жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**1) жаңа.**<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>**3) кең**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | **3 - тұжырым.** Трансшекаралық су ресурстары (жерүсті және жерасты) трансшекаралық табиғи ресурстардың қатарына жататынын көрсете отырып, өз кезегінде ол халықаралық табиғи ресурстардың бір түрі болып табылады. Трансшекаралық табиғи ресурс анықтамасы берілген, яғни орналасқан жері (мекендеу ортасы) оларды тиімді пайдалану мен сақтауға жауап беретін әртүрлі ұлттық және (немесе) халықаралық құқықтық жүйелері бар бірнеше мемлекеттердің аумақтарын қамтитын бірыңғай табиғи ресурс деп тұжырымдалған.<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді.**<br>7.2 Тривиалды ма?<br>**2) жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**1) жаңа.**<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>**3) кең**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия.**<br><br>**4 - тұжырым.** Су заңнамасының нормативтік құқықтық актілер жүйесін құру арқылы, олардың барлығын біріктіру үшін «Анықтамалық» (справочник) құру ұсынылған.<br><br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді.**<br>7.2 Тривиалды ма?<br>**2) жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**1) жаңа.**<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>**3) кең** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия.**<br><br>**5 - тұжырым.** Су кодексіне Үкіметтің құзыреттері қатарына жеке және заңды тұлғаларға су ресурстарын тең құқықты негізде ұтымды және тиімді бөлу мен беруді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруды енгізу ұсынылған.<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді.**<br>7.2 Тривиалды ма?<br>**2) жоқ**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**1) жаңа.**<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>**3) кең**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия.**<br><br>**6 - тұжырым.** Трансшекаралық табиғи ресурстар туралы үш ережелерді атап өткен: бөлінетін табиғи ресурстар мемлекеттердің аумағында орналасқан және табиғи ортаның бір бөлігін құрайды, бірақ осы аумақтардың қайсыбірінің ажырамас элементі болып табылмайды; бұл ресурстарға мемлекеттің егемендігі қолданылмайды, ал оларға құқықтар өзінің табиғи ресурстарына ажырамас егемендігіне байланысты мемлекеттің құқықтарына тең емес; мемлекеттердің трансшекаралық табиғи ресурстарға құқықтарының шығу тегі мемлекеттік аумақтың осы ресурстардың орналасқан жерінің (тұратын жерінің) ажырамас байланысына негізделген.<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді.**<br>7.2 Тривиалды ма?<br>**2) жоқ** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 7.3 Жаңа ма?<br>**1) жаңа.**<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>**3) кең**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия.** |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: | Диссертациялық жұмыста әдіснаманы таңдау негізделген және егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыстың негізделген әдіснамасы еңбектің ғылыми көзқарасын толық түсінуге мүмкіндік береді. Автор әдіснамалардың бірнеше түрін: жалпы ғылыми-таным әдісі, эмпирикалық әдістер, ресми-құқықтық әдістерді тиімді пайдаланған. Осы әдістер арқылы трансшекаралық су ресурстарының мемлекеттік және құқықтық саладағы ғылыми зерттеулер және ғылыми мақалаларға шолу жасалып, талданған және зерделенген, сонымен қатар БАҚ-да жарияланған материалдар жинақталып, салыстырылған, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жүйесіндегі ҚР нормативтік-құқықтық актілері, дерекқорлар және Қазақстан және Орталық Азияның трансшекаралық су ресурстарын қорғау, сақтау және тиімді пайдалану, экологияны қорғау мәселелерін қамтитын заңдар, халықаралық шарттар дереккөздер ретінде алынған. Бұл зерттеу мәселелерін жан-жақты қамтуға, сонымен қатар тұжырымдардың ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берген. |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 1) **ия**; | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері сенімді. Бұл автордың заң саласындағы әдебиеттердің, нормативтік материалдардың кең көлемін пайдалану мен ғылыми зерттеудің әртүрлі әдістеріне жүгінгенін көрсетеді. |
| | | 1) **ия**; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулерді талап етпейді. Сондықтан эксперименттік зерттеулер жүргізілмеген. |
| | | 1) ия; | |
| | | 2) **жоқ**. | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған. | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған.** Диссертациялық жұмыста трансшекаралық суларды тиімді пайдалану мәселелеріне қатысты зерттеулердің нәтижелерін белсенді қолдана отырып, зерттеу тақырыбын терең түсінетіндігін көрсеткен. Ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер дәлелдеудің академиялық анықтылығын көрсетеді, сонымен қатар диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын растайды. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз. | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**. Автор пайдаланылған әдебиеттерде отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттеріне шолу жасаған. Тақырып аясындағы диссертациялық еңбектер, монографиялар, ғылыми мақалалар тәрізді маңызды дереккөздерге сүйенген. Әдебиеттерді дұрыс таңдау зерттеудің өзектілігі, маңыздылығы, шынайылығын айқындап, тақырыпты нақты қамтуға мүмкіндік береді. Диссертациялық зерттеуде тақырып аясында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деңгейде қамтылған. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: | Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларының зерттеуге арналған тақырып шеңберінде ғылыми-теориялық құндылығы бар, өйткені ол трансшекаралық суларды тиімді |
| | | 1) **бар**; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жоқ. | пайдаланудың құқықтық мәселелерінің тұжырымдамалық дамуына үлес қосады. Жоғары оқу орындарында мамандандырылған пәндерді әзірлеу, су қатынастары саласында орын алып отырған мәселелер және оларды тиімді шешу тетіктерін құқықтық тұрғыда терең зерттеуге бағытталған зерттеу жұмыстарында қолдануға болады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, оларды келесі бағыттарда: Су кодексі нормаларын жетілдіру кезіндегі заң шығарушылық қызметінде; Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық кешенді бағдарламаларын жасағанда; Трансшекаралық суларды тиімді пайдалануды реттейтін құқық салаларын реттеуге қатысты басқару элементтерін жақсарту және шешуге бағытталған құқық шығармашылық қызметінің барысында қолдануға болады. |
| | | 1) **ия**; | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? | Практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа**. Трансшекаралық табиғи ресурстардың халықаралық-құқықтық мәртебесін, сондай-ақ олардың режимінің ерекшеліктерін зерттеу және қорыту мақсатында жасалған трансшекаралық сулар мен ресурстарды жіктеу тың ұсыныс болып табылады. Осыған қоса Қазақстан Республикасының су шаруашылығы қызметі жүйесінде жаңартылатын су ресурстары көлемінің жартысынан астамы оның аумақтық шекарасынан тыс жерде қалыптасатындықтан, трансшекаралық су ресурстарына айтарлықтай орын беріледі, сәйкесінше трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелеріне қатысты тың ұсыныстар жасау заман талабы екендігі көрсетілген. |
| | | 1) **толығымен жаңа**; | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: | Жазу және ресімдеу сапасы, академиялық жазу сапасы **жоғары**. Мәтіндердің ғылыми стандарттарға сәйкес келетін дәлдігі, дұрыстығы және құрылымы айқын көрсетілген. Сонымен қатар, зерттеу құқықтық талдау көзқарасымен және дереккөздерді сыни тұрғыда түсінумен сипатталады. Бұл академиялық |
| | | 1) **жоғары**; | |
| | | 2) орташа; | |
| | | 3) орташадан төмен; | |
| | | 4) төмен. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | талқылауды ғылыми негіздеп, тақырыпты жаңа қырынан түсінуге ықпал етеді. Академиялық жазу нақты, тақырып шеңберінен шықпау ұстанымын сақтай отырып жазылған. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Мәтінде техникалық қателер кездеседі. Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары 7 ғылыми мақалада жарияланған. Атап айтар болсақ, Scopus және Web of science деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымдарда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 2 мақала жарияланған. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Медетов Алимардин Шахмардиновичтің «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D030100 - Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп есептеймін. |

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

Медетов Алимардин Шахмардиновичтің «6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**
**заң ғылымдарының кандидаты,**
**қауымдастырылған профессор,**
**Шымкент университетінің**
**ғылым департаментінің директоры** **Акшатаева Жанна Байбековна**